



Пригород орта мектебі
2023-2024 оқы жылына арналған
«Вокал»
үйірмесінің жылдық жоспары

*Жауапты: қосымша білім
беру педагогы Кожесекбаев Ж.А.*

2023-2024 оқу жылы

МАЗМҮНІ

1. ТҮСІНІКТЕМЕ ХАТ

2. БОЛЖАМДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

3. ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

4. САБАҚТАРДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ
ЖАРАҚТАНДЫРУДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

5. САБАҚ КЕСТЕСІ

6. БАЛАНЫҢ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІ ҮШІН ІСКІ ІС-ШАРАЛАРДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ КОНКУРС
(ЖАРЫС), ЕСЕПТІК ІС-ШАРАЛАРДЫ ЖӘНЕ АШЫҚ САБАҚТАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ
ЖОСПАРЛАНҒАН КЕСТЕСІ

7. САБАҚ ӨТКІЗУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРЫ МЕН
КНІМ КЕШЕГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

БОЛЖАМДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

- оқу барысында білім алушылар музыкалық сауаттанады;
- вокализдер мен дауыс табиғатына сай жаттығуларға машықтанады,
- ән айтудағы кәсіби шеберлігі, әншілік қабілетімен қоса ойлау, еске сақтау қабілеттері артады.
- білім алушының игерген бағдарламасын қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық байқау-фестивалдерге қатыстыруға мүкіндік туғызу;
- баланың мәдениетімен өмірге деген көз қарасын әрі өз мамандығына деген сүйіспеншілігін арттыра отырып жан -жақты білім беру;
- білім алушылар балалар әндерінен бастап халық әндері, патриоттық әндер, заманауи композитор әндерін үйренеді.
- білім алушылардың музыкаға деген қызығушылы мен эстетикалық талғамын арттырып, сахнада ән айтуда тыңдаушыларға әннің мағынасын жеткізе білу;

Эстрадалық вокал арнайы жасалған бұл білім беру бағдарламасы мазмұны жағынан жан-жақты қамтылған, басты бағыты білім алушыларды кәсіби ән жанры бойынша тәрбиелеп бағыт-бағдар беру арқылы, дауыс қоюдың техникалық жолдарын үйрету, білім алушының дауыс талабына, табиғатына сай жаттығуларға машыктануын қалыптастыру, мәдениетті сатылай оқыту арқылы дауыс мүмкіндігін жетілдіріп, вокалдың методикасын, техникасын игерту. Бұл бағдарлама бойынша оқыту теориялық және практикалық бағытта да жүргізіледі. Теориялық бағытта білім алушы композиторларымыздың өмір жолы мен әндерін орындау арқылы ерекшеліктерін түсіндіру болса, практикалық бағыты вокализдерді ережелерімен айту арқылы нақышына келтіріп жеткізе, орындай білуге үйрету. Бағдарламада дауыс қоюдың әр бағытта айту түрлері қарастырылған, мысалы: балалар әндері, патриоттық, халық, заманауи композитор әндерін айту қарастырылып қамтылған.

Бағдарлама: 6-17 жас аралығындағы балаларға арналған;

Эстрадалық вокал үйірмесінің оқу мерзімі: 1-жыл

Эстрадалық вокал үйірмесінің мақсаты: Оқушыларға музыкалық білім бере отырып, ансамбльдік әндетудің мәдениетін қалыптастыру.

Эстрадалық вокал үйірмесінің міндеті:

- эстрадалық вокалдың шығармаларымен танысу, оқушылардың музыкалық білімін көзқарасын қалыптастыру, кеңейту;

- қазіргі заманға сай эстрадалық ансамблімен әндету және техникасын меңгеру;

- оқушылардың музыкалық қабілетін нығайту әр-түрлі шығармалардың интерпретациясын өздерінің орындаушылық қабілетін байланыстыру.

Эстрадалық вокал сабағының ең бірінші қатарда тұрған міндеттерінің бірі, оқып жүрген жасөспірімдер ансамбль әндету, көп дауысты шығармаларды тыңдай білу, 2ші дауысты есту білу мақсаттарына жету.

Эстрадалық вокал үйірмесі - жан – жақты дамытылған тұлғаны тәрбиелеуге назар аудару. Бұл жанрды оқу барысында ноталық сауатын аша білу әрі ән айтудағы ережелермен, ерекшеліктерін игеруге жол ашады және облыстық, республикалық, халықаралық байқау-фестивалдерге қатысуға, өзін көрсетуге мүмкіндігі мол. Егер оқушылар үйретілген әннің мазмұнын терең, саналы түрде түсінсе, ол ән айту дағдыларын тезірек меңгереді. Ансамбльдің негізгі міндеттері- композитордың жазған шығармасын дұрыс әндету, әр түрлі тәсілдерін меңгеру және автордың ойын дұп-дұрыс тыңдаушыларға жеткізу.

формасын өз қолдарымен жасады, сахнаға соны тәсілмен шығуды үйренді! Қазақстандық белгілі орындаушылардың: «Қазақ елі», "Атамекен", "Мен – қазақтың!", "Туған жер", "Алға, қазақ жігіттері!", "Здравствуй, столица!", "Қазақстан", "Елім менің", "Отаным", "Көк тудың желбірегені" сияқты әндері отрядтарды біріктірілі және балалардың риясыз сезімдерін жеткізе алды: олардың Отанға деген сүйіспеншілігі, ертеңге деген сенімдерін осы ән арқылы дәріптеу.

15. Заманауи қазақ композиторларының әндер

Қазақстанның қазіргі даму барысында музыка мәдениетінің көп тармақты құрылымы қалыптасты. Республикада Еуропалық жанрдағы орындаушылық және композиторлық шығармашылықпен қоса, әуенді шығарудың жаңа дәстүрлі, әлемдік көпшілік музыка (рок, эстрада, джаз) және әлемдік концессиялардың діни музыкасы, Қазақстанды мекендеген халықтардың - ұйғырлардың, кәрістердің, немістердің, дүңгандардың орыстардың, татарлардың ауысуға кәсіби фольклоры негіз салды. Республикада әртүрлі көркемдік профильдегі орындаушы ұжымдар - Мемлекеттік симфониялық оркестр, Құрманғазы атындағы қазақтың халық аспаптар оркестрі, хор капелласы, халық би ансамблі, Мемлекеттік квартет, эстрадалық ансамбльдер, үрмелі және джаздық оркестрі пайда болды. Қазақстан -әлемдік масштабтағы классикалық музыканы орындаушылар отаны. Ол - Е. Серкебаев, Б. Төлегенова, Ғ. Есімов, Ә. Дінішев, Ғ. Қадырбекова, А. Мұсаходжаева, Ж. Әубәкірова, шетелдердегі қазақ музыкалық диаспорасының жұлдыздары - М. Бейсенғалиев, Э. Құрманғалиев, ағайынды Нақыпбековалар.

Бүгінгі күні Республикада к. Байсейітова және А. Жұбанов атындағы арнаулы балалар мектебі, Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік Консерваториясы, Астанадағы Ұлттық музыка Академиясы, Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театры, Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік филармониясы, Қазақконцерт, М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер Институты және басқа да музыкалық - біліми, ғылыми және мәдени мекемелер бар.

16. Шетел композиторының әндері

Шетел композиторының әндерін орындау үшін үлкен вокалдық техникалар қолдану қажет! Джаз вокалисіне үлкен талаптар қойылады - бұл пропорция мен ырғақтың мінсіз сезімі, сонымен қатар вокалдық аппараттың керемет маневрі және лездік импровизация дағдылары.

Шығарманың формасы мен мәнін түсінбей джазмен ән айту мүмкін емес. Орындау кезінде сізге тақырып пен әуенді қабылдау, оны бастапқы үйлесімділіктен айырмай, оны өзгерту қабілеті қажет. Мұнда музыканттармен бірлескен серіктестік те маңызды.

Рок-вокал - бұл рок-топтағы вокалистің жұмысы. Рок-вокал, джаз әнінен айырмашылығы, эмоционалды хабарлама береді. Орындаушының басты міндеті - бұл шығарманың мағыналық жүктемесі, ал вокал белгілі бір дәрежеде фонға ауысады. Алайда, рок-вокалист бұған қарамастан, жеткілікті әншілік шеберлікке ие болуы керек. Одан қосымша эмоционалды ынта және музыкалық жалғандықпен абсолютті еркіндік қажет.

Эстрадалық вокал - бұл танымал эстрадалық ән түрі, оған көптеген ән түрлері кіреді: халық әндері, джаз, авторлық ән, рок-музыка. Бұл бағыт вокалдық шеберліктің бүкіл спектрін қамтиды. Вокалдың бұл түрі, ең алдымен, сахнада ән айтуға арналған, ал эстрадалық вокал атауының өзі көбіне қоғамдық және жеңіл музыкамен байланысты. Эстрадалық вокал, классикалық вокалмен салыстырғанда, табиғилық пен қол жетімділік сияқты дыбыстық сапаларға тән. Алайда эстрадалық вокалда академиялық деңгейдегідей мінсіз позиция мен дыбыстық қолдау сияқты маңызды әншілік дағдылар қажет. Вокалдың студия ән өнерін игеруге көмектеседі, оның тәжірибелі мамандары тіпті абсолютті бастаушыға көмектеседі.

**БАЛАНЫҢ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІ ҮШІН ІШКІ ІС-ШАРАЛАРДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ
КОНКУРС (ЖАРЫС), ЕСЕНТІК ІС-ШАРАЛАРДЫ ЖӘНЕ АШЫҚ САБАҚТАРДЫ
ӨТКІЗУДІҢ ЖОСПАРЛАНҒАН КЕСТЕСІ**

№	Өтетін шаралар	Уақыты	Жауаптылар
1.	Ұстаздар күніне арналған концерт	қазан	Көжекбаев Ж.А.
2.	Тақырыбы: Дикциямен жұмыс Оқытушы: Көжекбаев Ж.А.	желтоқсан	
3.	«Ана деген асыл жан» есеп беру концерт	8-наурыз	
4.	9-мамыр күніне арналған патриоттық әндер	мамыр	
5.	Балалар күніне арналған мерекелік концерт Тақырыбы: «Біз бақытты баламыз!»	маусым	
6.	30 тамыз Конституция күніне арналған мерекелік концерт	тамыз	

Вокал оқытушысы

Көжекбаев Ж.А

САБАҚ ӨТКІЗУ ҮШІН ҚАЗЕТТІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРЫ МЕН КИІМ КЕШЕГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Эстрадалық вокал үйірмесіне қатысу үшін , оқушыға төменде көрсетілген оқуға арналған құрал-жабдықтар керек болады:

- 1.Концерттік костюм-1 немесе 2
- 2.Күнделік-1

Репертуар тізімі

Балалар әндері

1. И. Нүсіпбаев «Мейірбан ұстаздар»
2. Қ. Қуатбаев «Өн сабағы»
3. С. Мұхамеджанов «Бүгін қай күн»
4. Қ. Қуатбаев «Бейбітшілік»
5. Ә. Бейсеуов «Ақ маман»
6. Б. Дәлденбай «Балдырғандар әні»
7. И. Нүсіпбаев «Екеуіміз әйбат баламыз»
8. А. Құнанбаев «Желсіз түнде жарық ай»
9. Ермағанбетов «Бүлдірген»
10. И. Нүсіпбаев «Домбырасыз сән қайда»
11. А. Құнанбаев «Көзімнің қарасы» т.б.
12. Г. Струве «Про козлика»
13. Хорватская народ песня «Под окошком твоим»
14. Русская народная песня «Липа вековая»

Патриоттық әндер

2. Л. Хамиди «Туған ел»
3. Қ. Шілдебаев «Отан ортақ үйіміз» т.б.
4. С. Байтереков «Қазақстан-қыран далам»
5. Е. Хасанғалиев «Атамекен»
6. И. Нүсіпбаев «Жорық жыры»
7. Н. Тілендиев «Өз елім»
8. Ө. Байділдаев «Туған ел»

Заманауи қазақ композиторларының әндері. (эстрадалық, мерекелерге арналған)

- | | |
|----------------|--------------------------------------|
| Қ. Қосжанов | «Ұстазым» |
| Дүйсенов | «Ұстазым менің» |
| Т. Қоңыратбаев | «Білімнің бұлағың» |
| Қ. Қуатбаев | «Отаным» |
| Е. Хасанғалиев | «Атамекен» |
| А. Жұбанов | «Ақ көгершін» |
| Қ. Қуатбаев | «Жасыл шырша» |
| Қ. Шілдебаев | «Жаңа жыл» |
| Б. Дәлденбаев | «Аяз ата» |
| Е. Хасанғалиев | «Анашым» |
| Е. Өміров | «Жан анам» |
| А. Бабажан | «Асыл ана» |
| Н. Тілендиев | «Құттықтаймын, мама, туған күніммен» |
| Б. Дәлденбай | «Наурыз келді» |
| Е. Өміров | «Керек бізге тыныштық» |
| Қ. Қуатбаев | «Ел қорғауға әзірміз» |
| И. Нүсіпбаев | «Бейбітшілік сақшысы» |
| И. Нүсіпбаев | «Сарбаздар» |

ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

6-9 жас аралығындағы оқушыларға арналған эстрадалық вокал үйірмесінің тақырыптық жоспары.

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	Кіріспе.	2 сағ
2	Ән айту, дауыс қою қағидалары Гармониялық және мелодикалық есту қабілетін тәрбиелеу.	2 сағ
3	Үн құрылымы туралы түсінік	2 сағ
4	Оқушылардың дауыс мүмкіндігіне қарай репертуар тандау, триомен айту	2 сағ
5	Ритмдік бірлікті тәрбиелеу Дикция	2 сағ
6	Ансамбльде темптің бірлестігін тәрбиелеу	2 сағ
7	Ансамбльде темптің бірлестігін тәрбиелеу	2 сағ
8	Орындаушылық өнер кезінде бір манерлік жұмысқа көзқарастыру	2 сағ
9	Ансамбльдік дыбыстауға, бір-бірін тыңдауға машықтану	2 сағ
10	Сахналық орындау шеберлігін шыңдау	2 сағ
11	Балалар әндері: қазақша, орысша. Ұнтаспа, бейне таспалар тыңдау	4 сағ
12	Патриоттық әндер	4 сағ
13	Заманауи композитор әндері. Эстрадалық әндері	2 сағ
14	Шетел композиторларының әндері	2 сағ
	Барлығы	32 сағ

**10-17 жас аралығындағы оқушыларға арналған эстрадалық вокал
үйірмесінің тақырыптық жоспары.**

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	Кіріспе.	2 сағ
2	Ән айту, дауыс қою қағидалары Гармониялық және мелодикалық есту қабілетін тәрбиелеу	2 сағ
4	Үн құрылымы туралы түсінік	2 сағ
5	Оқушылардың дауыс мүмкіндігіне қарай репертуар таңдау, триомен айту	2 сағ
6	Ритмдік бірлікті тәрбиелеу Дикция	2 сағ
8	Ансамбльде темптің бірлестігін тәрбиелеу	4 сағ
9	Орындаушылық өнер кезінде бір манерлік жұмысқа көзқарастыру	2 сағ
10	Ансамбльдік дыбыстауға, бір-бірін тыңдауға машықтану	2 сағ
11	Сахналық орындау шеберлігін шыңдау	2 сағ
12	Балалар әндері: қазақша, орысша. Ұнтаспа, бейне таспалар тыңдау	2 сағ
14	Патриоттық әндер	4 сағ
15	Заманауи композитор әндері. Эстрадалық әндері	4 сағ
16	Шетел композиторларының әндері	2 сағ
	Барлығы	32 сағ

Тақырыптық жоспардың мазмұны

1. Кіріспе сабақ.

Эстрадалық вокал және оның ерекшеліктері. Эстрадалық вокалдың түрлері, формалары және жанры. Эстрадала ән айту және орындаушылық шеберлік, интонациялық арқылы қалыптастыру студенттер дауыстарына деген көбірек қамқорлық көрсету және олардың дауыс ережелерін қатаң сақтауына үнемі көңіл бөліп отыру.

Вокал сабағының негізгі басты шарты - оқушылардың музыкалық қабілеттерін дамыту, музыкалық деңгейін кеңейту, музыкаға, ән айтуға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу, ән айту тәсілдерін үйрету болып табылады. Ән айту музыкалық қабілетін дамытуда, рухани жан дүниесін тәрбиелеуге, мінез-құлқын қалыптастыруда өз әсерін тигізеді. Ән айту балалардың музыкалық, әрі эстетикалық талғамын арттырып, ой - өрісін ұштап, таным - түсінігін жетілдіре түседі.

Дұрыс ән айтуға үйрету арқылы оқушылардың дауыс аппараты жақсы дамиды. Әнді өз нышанына келтіріп айту үшін көптеген жұмыстар атқарылуы тиіс, яғни әннің мазмұнын тыңдаушыға жеткізу, дауыстардың бір-бірімен үйлесіп, интонациясының таза, дикциясының анық шығуын, әнді жинақы жабық дауыспен академиялық үлгіде айтып жаттықтыру керек.

Ән айту балалардың орындаушылық үрдісіне белсенді қатысуына, музыкалық қабілетінің дамуына, музыкалық есту қабілетін тәрбиелеуге жағдай жасайды.

Ән айту – педагогикалық деңгейде дұрыс ұйымдастырылса, музыкалық эстетикалық тәрбиелеудің ең тиімді жолы болып есептеледі. Жоғары деңгей туралы айта отырып, педагогикалық үрдіс тек техникалық нәтижелер дәрежесіне жеткендегі қауіпті аңғару керек, сонда ән айту тәрбиесі «таза» ән айтуға айналады. Балалар әнді қалай орындап тұрғанына яғни ән айту үрдісінің техникалық жағына жауапкершілікпен қарау өте қажет. Ән айту сапасы - мұғалімнің сол соңғы «азық-түліктік» негізге ала отырып, осы арқылы балалардың ән айту қабілеттеріне белсенді кіреді.

Дыбысталу сапасын қалыптастыруда, дауыс аппаратының жұмысын ән айтатын жағдайға келтіруде, жалпы және музыка мәдениетін, әсіресе вокалды есту мәдениетін білуіне мұғалімнің арнайы білімі мен шеберлігіне байланысты іске асырылады.

2. Ән айту дауыс қоя қағидалары.

Дауыс ережесі – Әнші дауыстары ерлер дауысы, әйелдер дауысы, балалар дауысы және жіңішке дауыстар, жуан, төменгі дауыстар болып бөлінеді. Оқытушы жеке білім алушының жас шамасы мен дауыс диапазонына қарай отырып, білім алушының дауысы қайсы жоғары-төмен ноталардың ыңғайына бейім екенін көрегендікпен болжай білу қажет. Сонда ғана білім алушылардың дауысының таза қойылуына дұрыс бағдар беруге болады.

Ерлер дауыстары тенор , бас , баритон деп бөлінеді. «Тенор» – лирикалық және драмалық болып бөлінетін, ерлердің әліңішше дауысы. Тенордың дауыс диапазоны 1 октаваның ре – кейде кіші октаваның «ми» дыбысы мен 2 октаваның «ре», «ми» дыбыстары аралығын қамтиды. **Бас және баритон ерлердің жуан дауыстары. Баритонның диапазоны** үлкен октаваның «ЛЯ» және 1 октаваның «ФА», «СОЛЬ» дыбыстары, ал бас дауысының диапазоны үлкен октаваның «МИ» және 1 октаваның «ФА» дыбыстарының ауқымын алады. **Бас дауыстылардың** контроктаваның «СОЛЬ» және кіші октаваның «СИ», «СИ» «СИ-БЕМОЛЬ» дыбыстарының аралығында еркін ән сала алатындар ең төменгі жуан дауыстылар «бас неорфунде» немесе октавиеттер деп аталады.

Әйелдер дауыстары сопрана, мецо – сопрано, контральто деп бөлінеді. «Сопрано» – лирикалық, драмалық және лирика – драмалық болып жіктелетін әйелдердің жіңішке дауысы.

3. Гармониялық және мелодикалық есту қабілетін тәрбиелеу.

Эстрадалық вокалдың жаттығулары. Вертикалық есту қабілеті музыкалық қабілеттің тағы бір негізгі бөлігі - музыкалық есту қабілеті болып табылады. Музыкалық есту қабілеттерінің негізгі құрамалары: дыбыс биіктігі, бояуы, реңін айыру. Дыбыс биіктігін айырудың сапалық сипаты:

А) нақтылы биіктікті есту, (абсолютті)

Б) салыстырмалы есту (относительді)

Музыкалық есту қабілетін дамытудың тәсілдеріне гармониялық есту және іштей есту (ішкі есту қабілеті) жатады.

Дыбыс биіктігі нақтыланбаған жағдайда әуендетудің орны ерекше. Әуенді есту қабілеті - музыкалық қабілеттің құрамаларының ішіндегі ең негізгілерінің бірі. Баланың тағы да бір музыкалық қабілеті - ол есте сақтау қабілеті. Есте сақтау қабілеті орындаушының зейінін, ерігін, қиялын тәрбиелейді, яғни ол комплексті құбылыс.

Есте сақтау қабілетінің түрлеріне мыналар жатады: есту арқылы, қимыл арқылы, моторлық түрі, тебірену арқылы, сөз-ой заңдылықтары арқылы.

Қорыта айтқанда, баланың музыкалық қабілетін және оны дамыту музыка жетекшісінің негізгі міндеттері болып келеді.

4. Үн құрылымы туралы түсінік.

Үн құрылымы — әндегі интонация тазалығы. Әнде орындаушылар зонный стройды қолданады. Темперированный стройда ауытқу негізінде ладтық заңдылықтар дыбысының ладтық қарым – қатынастары музыкалық ұйымдасудағы интонациясы жатыр.

1.1 Үн құрылымының тұрақтылығын сақтау а'capella айтқанда қиын. Мұнда әншілері өздерінің саусақтарына ғана сүйенеді. А'capella айтқанда хор тональносттан ауытқып, үн құрылымынан айырылады.

1.2 Лад интонациясының заңдылықтарынан интервалдар интонациясын сақтау, фазалар – құрылымдарынан айырылады. Үлкендер – біржақты кеңеюмен; өскендер (уа) – екі тұрақты, кішілер – біржақты қысқарту мен, үлкендер – біржақты кеңеюмен; Жаңашыл қазіргі музыкада жакты кеңеюмен, кішірейгендер (ум) – екі жакты қысқарумен. Жаңашыл қазіргі музыкада ладтың негіз қиындағанда әншілер интервалдарға сүйенеді. Жай интервалдар 44, 45, 48. диссонанстың интервалдық интонациясын сақтау қиын.

1.3 Хроматикалық интервалдар интонация жағынан кең айтылады, ал диатоникалықтар қысқа (көлденен).

Тембр (фр. *timbre* – кішкене қоңырау) – дыбыстың сапасы (оның “бояуы”, “характері”). Ол әр түрлі аспаптарда немесе түрлі дауыста орындалған белгілі бір биіктіктегі дыбыстарды ажыратуға мүмкіндік туғызады. Тембр дыбыс тербелістерінің формасына байланысты болады. Тембрге музыкалық аспаптың материалы, формасы, дыбыс шығару тәсілі, т.б. әсер етеді. Тембр арқылы дауыс ырғағын өзгерте отырып, сезім-күйді (қуаныш, реңін) білдіруге болады. Оқушыларға дауыс құрылымдарымен таныстыра отырып, дауыс тембрінің жақсаруына жұмыс жасау.

Ән айту кезіндегі дыбыстың қалыптасуы тыныс алумен артикуляциялық органдардың дауыстау

астарымен өзара байланыстарының нәтижесінде пайда болады.

Дауыстық астар жүйеліктер негізінде жұмыс істейді. Тыныс алу жүйесі сыртқы күшті қамтып, дауыстық астарға әсер етеді. Орталық жүйке жүйесі дауыс астарында көмейдің аэродинамикалық мүмкіндігін тудырады. оқалдық әдістің негізгі талаптарының бірі барлық жұмыстық дауыс диапазоны бойынша қалыпты тембрлік дыбысталу. Тембрлік дыбысталуын дамуын айтқанда негізгі мәселе регистрлік ауысым, өйткені әртүрлі дыбыс ұзақтығында бірдей

тембрлі алуға болмайды және керек те емес, керісінше вокалдық орындауда тембрдің әлемділігінің әртүрлілігі қажет. Тембрлік дыбысталудың 2 кезеңі бар:

Баспалдақты дыбыстың қатарда тұрғызылған жаттығулар.

Секіртпе аралықтары ұлғайтыла отырып, интервалдарды төменнен және жоғарыдан айту.

Жеңіл немесе тығыз тембрлік ұйымдастыруды дайындау.

Жеңіл тембрлік дыбысталуға жету үшін төменгі дыбыстық қатарға тұрғызылған жаттығуларды қолдану керек. Сол кезде фальцетке жақын жеңіл дыбысталу пайда болады. Тембрлік дыбысталудың қалыптасуын сақтай отырып, төменгі дыбыстық қатарда жаттығуларды айтқан кезде, дыбыс неғұрлым төмен болса, ол соғұрлым жеңіл жоғарыдан айтылуын сақтаған дұрыс.

Тығыз, қою тембрлі дыбысталу үшін жоғарғы дыбыстық қатарға тұрғызылған жаттығуларды қолданған дұрыс.

Әншілік дыбыстың физикалық ерекшелігі;

- Жоғарылық
- Тембр
- Күш
- Жалғасуы

Әнші дыбыстың жоғарылығы дауыстың астар жиілігі арқылы анықталады. Әр әнші дауысының дыбыстық диапазоны әр түрлі және ол мынаған байланысты;

— Дауыстың аппараттық табиғи анатома морфологиялық ерекшелігіне.

— Әншінің қандайда бір кезеңдерде дыбысты өзгерте алу икемділігіне, яғни дауыстың астарының жуандығына, ұзындығына қатысты.

— Әнші тынысының сапасына, яғни екпінді, қарқынды немесе өте әлсіз болуы мүмкін.

— Әнші дыбысының күші дауыстың астарындағы серпілістермен анықталуы – амплитуда жиілігі, амплитуда соғұрлым көп болса дыбыс соғұрлым күшті болады.

5 Оқушылардың дауыс мүмкіндігіне қарай репертуар таңдау, триомен айту

Триомен айту -Партияларын жаттатқызу, үш дауысқа бөліп жеке-жеке талдау, қосылып үш дауыста орындау.

Оқушыға репертуар таңдау кезінде есеппен алынуы керек.

- Оқушының дауыс мүмкіндігіне
- профессионалды әншілердің деңгейіне
- шығарманың көркемдік құрдылығына

Бірден көлемді қиын шығарманы алуға болмайды, өйткені шығарма шешілмейтін жұмысқа айналады. Яғни физикалық жағынан шығарма деген көңіл талмаушылық. Қиын шығармалардың бар қиындығын есепке ала отырып, қиын шығармаларды байқап репертуарға алу керек. Жеңіл шығармалардың саны шектеулі болуы керек, яғни жеңіл шығармалар профессионалды ұжымның өсуіне әсер етпейді. Ең басты репертуар қызықты болуы керек.

6. Ритмдік бірлікті тәрбиелеу.

Вокалдық ансамбліне ритмдік жаттығулар. Шығармаларда (ауфтакті, бастауды, аяқтауды) темп бойынша ала білу

Вокалдық ансамбліне ритмдік жаттығулар. Ритмдік ансамблеге темппен, метрмен және ритммен байланыстылар жатады. Бірге айту, нақты ритммен, бір уақытта сөзді жеткізу, темп өзгерісіне бірге түсу, бірге тоқтау – хор әншілерінің сапалылығына жатады. Орындаушылық ритм музыкалық интонациялық элементімен байланысты. Қандайда регистрлік режимде болса да көмей дұрыс дыбыс қалыптастыруға жету керек, яғни қарқынды ән айту, формировкасыз артық

қысымсыз, жақын вокалдық позицияда, үнді, ортына домалақтаған, қалыпты әншілік вибратамен:

Фальцеттік режимде әншілердің қалыптастырушылық шарты.

Тесситурa – жоғары және орташа, жақын және жоғары (g 1 – d 2).

Динамика – pp — дан mp – га дейін.

Дауыстылар типі «у», «о», «а».

Артикуляция – ерін жартылай күлгендей, ауызды орташа ашу, көмейді сақтау, «у» дыбысынан бастау.

Дыбыс жүргізу тәсілі – жеңіл стаккато, легатоға көшетін.

Негізгі эмоционалдық мазмұны – нәзік, көңілді.

Жаттығу №1.

Мақсаты: Дыбыстық атака кезінде дауыстық астардың шеткі жиіліктерін қарқындандыру, дыбыс қалыптастырудың негізгі ережесі осында (интонация жағынан таза, ысылды азайту керек). Жаттығу g 1 – н бастап, а 1 дейін р динамикасында жеңіл стаккатода «у» дауысты дыбыс арқылы айтылады.

Жаттығу №2.

Мақсаты: Дауыстық жоғарғы астарындағы қарқынды жиілігін көшіру, яғни жеке дауыстың байланысындағы нақты пайда болған ән айтудағы стаккатоның легатоға айналуы. Бұл жаттығу жарты тондар арқылы бірнеше рет жоғары және төмен қайталанатын. Диапазоны g 1 – d 2. басында «у», кейіннен «о» және «а» аяққа ұзақ дыбыста дауыс күшін ауыстырмау керек.

Жаттығу №3.

Мақсаты: Әр дауыстыда көмей күйін сақтау, ұзақтықтар ауысқанда дауыстыларды сақтау. Екі дыбыста (g 1 және а 1) тембрімен динамикасы жағынан біркелкі болу керек. Жоғарғы дыбысты төменгі позициясында айту керек. Дыбыстық атака жоғарыдан алғандай болу керек, әнші берілген ұзақтыққа нақты түседі. Егер дауыс қысылып вокалдық позиция тұрақсызданса трельді төменгі дыбыстан емес, жоғарыдан бастауға болады. Жаттығуды орындағанда дауыс күшін жарты тоннан жоғары етпеу керек.

7. Дикция.

Дикция дегеніміз - белгілі бір сөздердің айтылуының анықтығы мен айқындылығы. Дикцияның ән айтудағы атқаратын ролі, ән айтуда дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге, естілуі мен айтылуына жаттығулар жасау.

Дауыспен жұмыс жасағанда сөздерді дұрыс айтқызу міндетті. Дикция сапасы вокалға да байланысты. Дыбысты жақсы жеткізу әншілік дыбысталудың сапалы болуына қарқынды тыныс жоғарғы позициядағы дыбыс көмектеседі.

Жеткізе білудің үш түрі бар: күнделікті өмірде, сахналық және әншілік. Жай жеткізуді глоссандодан, әр тон тұрақсыздықтарынан, рефлексорлық модуляциядан ажыратамыз. Ән айтқанда әншілік тонға көп көңіл бөлінеді., сонымен бірге ритм, тыныста музыка талабына көнуі тиіс. Әншілік дикция спецификасы дауыстыларды әр регистрге сай жеткізе білу (Мысалы: «о» «а» ға жақын). Сөздерді тез айтқанда соңғы дауыссызды сөз ішінде келесі дауыстыға келу керек. II. Әншілік дикция сипаты музыка сипатына байланысты. (Шығарманың мазмұны, оның образы). Тез шығармаларды орындағанда дыбыс күшін жеңіл алған дұрыс, сөз жеңіл айтылады, жақын және ілезде, артикуляциялық аппараттың аз мөлшердегі қозғалысы арқылы. Мысалы: Глинка «Попутная», «Дым сталбале кипит, дишится пароход». Свиридов «Хоровод», «Веселимся кружимся» — сегіздіктер.

Драмалық шығармаларда салтанатты әнұрандарды айтқанда артикуляция «көлемді» болады. Каллиников «Кондор», «Грамады гор», «Иззубренные скалы». Моцарт, Верди, Берлиоз реквиемдері. Прокофьев «Вставайте люди руские», «Александр Невский» кантатасындағы хор т.б.

Қалыпты әндігілген шығармаларда мәтіні жұмсақ жеткізіледі. Чайковский «Соловушка». Танеев «Серенада», Мориста өз сипатына қарай «Смело товарищи в ногу» Радик.

Ырғақтық ансамбльмен сөздерді дұрыс жеткізуінің принципінің бұзылуы жаман хорлық дикцияға әкеледі.

III. 1. Сөздердің аяқсыз естілуі, әсіресе дауыссыздарға аяқталған сөздер.

Интонациялық жағынан төмен дауыссыздар сырттан айтуға әкеледі, дыбыс басында қиысады.

Дикция сапасына тесситұра мен дыбыс күшінің қатысы да бар. Жоғыры тесситұрада сөз айтылуы қиын.

Дыбысталудың орташа күші мәтінді жеткізудің ең қолайлысы. Партиялар арасында динамикалық ансамбль. Дауыстық дыбысталу күшін білген соң музыкалық таланттар мен бірге, мәнін жеткізілуінде көңіл бөлу.

8. Ансамбльде темптің бірлестігін тәрбиелеу.

Динамикалық, ритмдік және дикциялық таланттар

Ансамбльмен жұмыс.

Ансамбль – вокалдық дыбыстарының бір элементі орындалуда бірлікті талап етеді. Жеке ансамбль унисон партияларды. Жалпы ансамбль – бүкіл хор ансамблі, барлық партиялардың үйлесуі. Ансамбльдің екі түрі де интонация тазалығын, ырғақтылықты, динамика, тембр, дикция, орфографияны талап етеді.

Вокалдық ансамбль орындауда ритмдік ансамбль, динамикалық ансамбль, вокалдық, унисондық, гармониялық, полифониялық, хор ансамблі, хор солисті ансамблі, оркестр мен хор ансамблі болады. Ұжыммен дұрыс айтуға үн құрылымы кіреді, ал мәтінді жеткізуге вокалдық дикциясы кіреді.

Ритмдік ансамбле темппен, метрмен және ритммен байланыстар жатады. Бірге айту, нақты ритммен, бір уақытта сөзді жеткізу, темп өзгерісіне бірге түсу, бірге тоқтау – әншілердің сапалылығына жатады.

Орындаушылық ритм музыкалық интонациялық элементімен байланысты. Мұнда фраза, интонациялық строймен жұмыс істеу, ұзақтық уақытын ұстау керек. Әрбір шығармада өзінің метроритмдік құрылымы бар. Ансамбльдік орындауға тез екпінде ауыспалы өлшеммен ән айтқан қолайсыз. Сонымен бірге ансамбльдің бұзылуына ритм мен метр арасындағы қарама – қарсылық әсер етеді. Тез екпін ансамблінде ритм, сөз және строй бұзылады. Өте ақырын екпінде ритм пульсаты жоғалтады.

Жаңа екпінде соған сай ауфтакт болуы тиіс. Жылдам екпіннен ақырын екпінге ауысқанда ауфтакт бірінші құрылымның соңғы үлесі арқылы беріледі. Ү метр өзгерісіндегі екпін өзгерісі ерекше көңіл бөлулі талап етеді.

Rubato өнері метрмен, ритмнен ауытқу музыкалық және поэтикалық мәтінмен байланысты.

Динамикалық ансамбль.

Грек тілі сөзі *dinamus* – сила – күш. Динамикалық ансамбль партия ішіндегі дауыс күштерінің біркелкілігі – ансамбльде дыбысталуы.

1.1 Ән хор әрқашан өзінің тембрін сақтауы тиіс. Дыбыстардың жұмсақ дыбысталуы. Вокалды динамикалық ұлғаюы *fortissimo* – ға дейін жетуі, алдағы кульминация дайындығына, әдемі және мәнерлі *pianissimo* дайындауда қолданылады.

1.2 Вокалда дауыс мүшелеріне қарай бөлінуі тиіс – бұл ең бірінші қозғалмайтын нюанстарда қойылады. Динамикалық өлеңнің қиын формасы қозғалыстағы нюанстары көрінеді (кренендо, лемингуэндо), дыбыс қаттылығы бір қалыпты болуы керек. Ансамбль шығару үшін әнші дауысы тынысқа қойылуы тиіс.

1.3 Динамикалық ансамбль санасы фактураға байланысты. Динамикалық ансамбль дауыс диапазондарының шеткі дыбысында ашылуы қиын. Жасануы және жасанды емес ансамбльдер болады, ансамбльдік және ансамбль сай емес аккордтар болады.

9. Орындаушылық өнер кезінде бір мәнерлік жұмысқа көзқарастыру.

Дауыстарды тембр бойынша іріктеу. Дыбыс мәдениетімен жұмыс жасау.

Әрбір әншінің дауыс тембрі оның дауыстық регистрының типі арқылы жақын әншілік позициясы арқылы және әншілік вибраторның сапасына қарай анықталады. Дауыстық тембрде дыбысталуына — дыбыс күші және жоғарылығы, атака түріне, дауысты типіне, артикуляция қажет. Вокалдық орындаушылық деңгейін арттыру үшін барлық дауыс регистрына сай тесситұрада орындалуы тиіс. Тембрлік жұмыс істеу дауыс күйін примарлық тондардан бастауы

керек. Вокалда тембрмен жұмыс істеудің бір талабы – дауыс дыбысталуының регисторлық переходтардың көмегімен өз ретіне келтіру. Бұл үшін түрлі жағтыгулар қолданылады; біріншіден төменнен және жоғарыдан дыбыстық қатарлар, содан соң төменнен жоғарылауып ескіртпелер арқылы арпеджиодар кенейту. Дыбыс жоғарылығымен динамикалық диапазонға арналған жағтыгулар тембрге де қолданылады.

10. Ансамбльдік дыбыстауға, бір-бірін тыңдауға машықтану

Вокалдық ансамблді арналған шығарма орындау, әр дауысты жеке орындау, қосылып орындау. Бір тесситурала. Ансамбльмен емес аккордтармен жасанды ансамбльдауыстары әр түрлі тесситурала болғанда пайда болады, бірақ кейде ерлер дауысын микстық және фальцеттік қолданысын ескере отырып, әйелдер дауысының төменгі және орта дауыстарымен ерлердің дауысының жоғарғы регисторын сәйкестендіруге болады. Дыбыс күші кішірек (p, pp, mf).

1.4 Жасанды ансамбльге керек:

- a) Жеке дауыстың ерекшелігіне денгейі
- б) Жеке дауыстың ұлғаюынан жалпы ансамбльден бөлінеді.
- в) Берілген тесситурала нюанс вокалдық мүмкіндігіне қарай жатуы.

1.5 Әрбір астарға өз динамикасының қалпы сай келуі.

a) Унисонды ансамбль дауыс араласуы ұзақтықтарға қарай (толық немесе октавалық унисонда). Метрритм, тембр, екпін, динамика, вокалдық әдіс және динамикаға байланысты.

- б) Гармониялық ансамбль дауысының бірқалыптылығы.
- в) Гомофонды – гармониялық ансамбль әуен баспалақ етуі.
- г) Полифониялық ансамбль басты дауыстардың басшылық етуі.
- д) Аралас — әртүрлі ансамбль , солист және инструмент пен сүйемелдеу қатнастары әр түрлі болуы мүмкін. Ансамбльге жету үшін әншілердің қарқынды жұмысы да қажет.

11. Сахналық орындау шеберлігін шыңдау

Оқушылардың ән мазмұнын түсіне отырып орындауға бағыттау. Жестикуляциямен жұмыс жасау.

Оқушының орындаушылық шеберлігін арттырудың немесе жетілдірудің бірден-бір тәсілі – оқушының концерттік шығармашылығын қалыптастыру. Көпшілік алдында өнер көрсету оқу орындарында емтихандардан басталады. Бұл арнайы міндеттерді шағын концерттік бағдарлама. Осы сатылардан бастап оқушы орындаған шығармасына есеп беруге өзін-өзі ұстауға қалыптасады. Оқушы әрбір сахнаға шығу сәтінен дәззат алуға , ұмытылмас мереке кезеңдеріне үйрету тиіс, ол үшін реттіз толқу болмау керек. Толқу біріншіден өзіне сезімсіздіктен, дауыстың тынысқа тірелмеуі әсерінен дауыс байламаларының үзілуі. Орындаушының сахнадағы сәтсіздігіне әр түрлі жағдай әсерін тигізеді:

1. Тыңдаушы орта , оның қабылдауы

2. Концерт өтетін жердің акустикасы

3. Микрофон дұрыс ұстамауы

4. Сахналық киімі

5. Орындаушының көңіл күйі

Халық алдына шығу бұл өте жауапты іс. Алдымен сахнағады жүріс-тұрысы, шығарманы орындаудағы өзіндік сезімі, көпшілікке қатынасы – бұның бәрі әрбір орындаушыда өзінше болсада жаттықтыру қажет. Үнемі дайындықта болып, концерттік шығарма пісуі керек. Сахнаға шығу алдында оқушының назарын көптеген ескертулермен еліте бермеу керек, өйткені көп жағдайда осындай ескертулер сахнада орындау кезіне есіне түсіп, кесірі тиеді. Оқушының бойында өз-өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу, содан соң концертке толық дайынсың деп ынталандыру да алға жетелейді.

12. Балалар әндері

Балалар әндері – бұл балалар тыңдауға немесе орындауға арналған музыка. Оның озық үлгілері нақтылығымен, жанды поэтикалық мазмұнымен, образдылығымен, қарапайымдылығымен, форманың айқындылығымен ерекшеленеді. Балалардың аспаптық музыкасы бағдарламалылығымен, бейнелеу элементтерімен, ониматопеямен, бимен, маршпен, музыкалық тектестірумен қарапайымдылығымен, фольклорға сүйенуімен ерекшеленеді. Балаларға арналған музыкалық шығармалардың негізін көбінесе халық ертегілері, табиғат суреттері, жануарлар әлемінің бейнелері құрайды. Балалар музыкасының әртүрлі түрлері бар - әндер, хорлар, аспаптық пьесалар, оркестрлік шығармалар, музыкалық және сахналық шығармалар. Балалардың орындауына арналған шығармалар олардың орындаушылық қабілетіне сәйкес келеді. Вокалдық шығармаларда дауыс диапазоны, дыбыстың жасалу ерекшеліктері мен дикция, хорға жаттықтыру, аспаптық шығармаларда ескеріледі, пьесалар – техникалық қиындық дәрежесі. Балалардың қабылдауына қолжетімді музыкалық шығармалардың диапазоны әр оқушының жас шамасына қарай әндер іріктеліп отыру қажет. «Отан» , «Туған жер» «Балайықшы осындай» , «Ана туралы» сияқты жеңіл әндер алынуы қажет. Б.Бейсенованың балаларға арналған әндер жинағы.

13.Ұлтаспа, бейне таспалар тыңдау

Сонымен оқыту құралдарына мұғалімнің (өндірістік оқыту шеберінің) сабақ барысында информация беруін, оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруын сабақ барысында тексеру жұмыстарын жүргізе алатын оқу жабдықтарын жатқызамыз. Қолданылып жүрген оқыту құралдарының информация беру мүмкіндігі бойынша бір-бірінен айырмашылықтары бар. Оларды төмендегідей топтарға бөлуге болады.

Баспасөз әдісімен жасалған - оқулықтар, анықтамалар, есептер мен жаттығулар жинағы, нұсқаулар, нұсқау технологиялық карталар плакаттар карточкалар, оқыту программалары.

Экранды құралдар – диапозитивтер диафильмдер транспаранттар кинофильмдер бейнежазбалар, телехабарлар.

Дыбысты құралдар – грамжазбалар радиохабарлар магнит лентадағы жазбалар.

Көлемді құралдар – нақты объектілер модельдер макеттар, муляждар және тенажерлар.

Кебір жағдайда экранды оқыту құралдарын дыбыстылар қатарына да жатқызуға болады.

Оқыту құралдарының негізгі қолданылған мақсаты әрине, оқушылардың сабақтағы іс-әрекетін ұйымдастыру, себебі сабақ барысында ғана оның дұрыс ұйымдастырылуына байланысты керекті білімділікті шеберлікті, дағдыны қалыптастыруға болады. Мұғалімнің (өндірістік оқыту шеберінің) әрбір оқыту құралының дидактикалық мүмкіндіктерін білуіне байланысты оқу процесінің маңызы да арта түспек. Шынында да кез келген оқыту құралының дидактикалық мүмкіндігі оның оқу тәрбие жұмысындағы ролін анықтайды.

Әр берілген шығарманың негізгі нұсқасын тыңдау.

14.Патриоттық әндер

Жас ұрпақтың дүниетанымына және өнегелі дамуына ықпал ететін елдердің, халықтардың өмірін, тарихын өнермен тығыз байланыстыру әлемді тұтастай көркем бейнеде көруге мүмкіндік береді. Өнердің жарқын эмоционалдық сезім тудыратыны жасырын емес, санамыздың көңіл-күй саласына әсер етеді, әлеуметтік-психологиялық, дүниетанымының патриоттық сезіміне, ізгілікке, сонымен қатар қайырымдылыққа, борыш, мақтаныш, құрмет сезімдеріне, әділдікке тәрбиелейді және қоршаған ортаға, әсемдікке деген қарым-қатынасын қалыптастырады.

Музыка өнерінің анағұрлым кең тараған түрі ән болып табылады. Ол - ел тарихының ғана емес, белгілі бір тұлғалардың өмір тарихының да куәгері әрі қатысушысы. Ән халықтың жаны ғана емес, оның өмірінің шындық айнасына айналған ақпарат.

Бүгінгі күні де патриоттық әндердің ролі бұрынғыдай, өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Патриоттық әндер үлкен күшке ие. Ол адамның рухын оятып, ерлікке жетелейді, жүрегіне елжандылық сезімін - Отанға деген сүйіспеншілік сезімін құяды. Патриоттық әндер оқушыларға өздерінің отанының тарихына үйілуге, мәдениеті мен дәстүрлерін тануға көмектесті. Жас жеткіншектер Отанға қызмет етуге дайын екендерін танытты. Ұйымдастырушы-ұстаздар балалармен бірге іс-шараға мұқият дайындалды: әннің мәтінін жаттады, атрибуттарды, киім

Пригород орта мектебі 2023-2024 оқу жылы

«Вокал» үйірмесінің жылдық талдауы

«Вокал» үйірмесіне мектептен 25 оқушы қатысады, 1-4 кластар аралығында қыз мен ер балалар қатысады: 1-топ -10 оқушы, 2-топ -15 оқушы.

Мақсаты:

Аспаптық шығарманың сипаты мен көркемдік құралдарын анықтай білуге;
Балана әсемдік әлеміне дыбыс арқылы жетелей отырып, сұлулық, ізгілік, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіруді, көрмеген дүниенің шыңдығын көркем құралдар арқылы түсіндіру.

Жеке тұлғаның рухани мәнін ашу, шығармашылық өнер негізінде шығармашылық жағынан дамыту;

Оқушыларды музыкалық мәдениетін озық үлгілерімен таныстыру;

Ән айту ережелерін үйрену;

Әннің мазмұнын түсініп орындалу және де оны көрерменге жеткізе білуге үйрену;

Міндеттері:

- әншілік өнердің даму тарихымен, кәсіби және халық ауыз шығармашылық дәстүрлерімен, оның көп түрлі құрамымен танысу;
- оқушыларға ән айту ережелерімен және сахна мәдениетінің қыр - сырларын тереңдете үйрету;
- кәсіби музыканың ерекшеліктерін ажырата білу біліктерін дамыту;
- музыка сауатты негізімен қаруландыру;
- музыканы тыңдау,
- үйренген музыкалық шығармалардың авторларымен таныстырып, қандай жанр түрлерінен жататынын анықтай білуге;
- оқушыларды жеке және хормен қосылып ән айтуға үйрету;
- әртүрлі құралдардың дыбыс үніндегі дыбыс бояуын ажырата білу біліктілігіне үйрету;
- орындаушылық машығын тәрбиелеу, музыкалық жан - жактығын кеңейту;
- сауаттылығын дамыту;
- вокалды хор дағдысын қалыптастыруға жағдай жасау;
- екі дауысты ән айту үшін өзінің тобында айтылатын әуенді жақсы білу;

Оқу жылының басында үйірмеге қатысатын оқушылар туралы мәлімет жинау, еңбек қауіпсіздігімен таныстыру, қатысымды қадағалау, түрлі шығармашылық байқауға қатысу. Үйірме аптасына 3 сағаттан, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі күндері 3 сағаттан жүргізілді. Үйірме жұмысы уақытымен, күндізбелік –тақырыптық жоспарға сай өткізілді. Жыл бойынша мекепшілік іс –шараларға белсене қатысты. Қалалық Ақтөбенің 155 жылдығына орай «Шырқа даусым шарықта» және «Күміс көмей» байқауында «Вокал» жанры 7-9 жас бойынша белсене қатысқаны үшін Баянғали Дария, Азижан Аружан, Серік Айару «Алғыс хатпен» марапатталды.



«ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ» КММ



КГУ «МЕТОДИЧЕСКИЙ КАБИНЕТ»

АЛҒЫС ХАТ



Җалпы және қосымша білім беру ұйымдары арасында ұйымдастырылған
«Шығра даусым шарықта» және «Күміс көмей» байқауында
«Бокал» жанры 7-9 жас бойынша белсене қатысқанды үшін

Ахметов Әлихан
Тимуров Әли

марапатталады

Жетекшісі: Божилов Маратшә дивандықұлы

«Әдістемелік кабинет» КММ
директоры



А.Сүлейменова

«ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ» КММ



КҮ «МЕТОДИЧЕСКИЙ КАБИНЕТ»

АЛҒЫС ХАТ



Ұалпы және қосымша білім беру ұйымдары арасында ұйымдастырылған
«Шығра даусым шарықта» және «Күміс көмей» байқауында
«Вокал» жанры 7-9 жас бойынша белсене қатысқаны үшін

Рахым Дауеш

Дуаров Д.

марапатталады

Жетекшісі:

Нәзкебаев Деганш

«Әдістемелік кабинет» КММ
директоры



А.Сүлейменова

«ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ» КММ



КТҰ «МЕТОДИЧЕСКИЙ КАБИНЕТ»

АЛҒЫС ХАТ



Жалпы және қосымша білім беру ұйымдары арасында ұйымдастырылған
«Шырқа даусым шарықта» және «Күміс көмей» байқауында
«Вокал» жанры 7-9 жас бойынша белсене қатысқаны үшін

Бекзат Аманжол
Шығаров Д.А.

марапатталады

Жетекшісі: Көксәлібек Нұржановна Аманжол

«Әдістемелік кабинет» КММ
директоры



А.С.Сүлейменова